

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Ұлттық зияткерлік меншік институтының қалыптасу және даму тарихы

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Ұлттық зияткерлік меншік институтының қалыптасу және даму тарихы Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін нығайтумен бір мезгілде қалыптасқан зияткерлік меншіктің ұлттық жүйесі тарихының ажырамас бөлігі болып табылады.

Бірінші кезеңде зияткерлік меншіктің құқықтық және институционалдық негіздері жасалды.

«Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық Патент ведомствосы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 23 маусымдағы №806 Жарлығымен «өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғау саласында мемлекеттік саясат жүргізу, бірыңғай патенттік жүйе құру, өнертабыстарға, өнеркәсіптік үлгілерге, тауар белгілеріне және басқа да өнеркәсіптік меншік объектілеріне қорғау құжаттарын беру, кәсіпкерлікті дамыту кедергілерін жою мақсатында» Республиканың Министрлер Кабинетінің жанынан Ұлттық Патент ведомствосы құрылды.

«Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық Патент ведомствосы туралы» Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 21 шілдедегі № 622 Қаулысымен жаңадан құрылған ведомствоға («Қазпатентке») мынадай негізгі міндеттер жүктелді: өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғау саласында мемлекеттік саясатты жүргізу; бірыңғай патенттік жүйені құру; өнертабыс және патенттік-лицензиялық жұмысты ұйымдастыру және жетілдіру; өнеркәсіптік меншік объектілеріне қорғау құжаттарын беру; республикада ашылған өнертабыстарды шетелде патенттеу; басқа мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғау саласында ынтымақтастықты жүзеге асыру; өз құзыреті шегінде заңнамалық және заңға тәуелді актілердің, нормативтік құжаттардың жобаларын әзірлеу; өнеркәсіптік меншік объектілері саласындағы мамандар мен патенттік сенім білдірілген өкілдерді қайта даярлауды, біліктілігін арттыруды және аттестаттауды ұйымдастыру.

Осы қаулыда Патент ведомствосының құқықтары мен функциялары айқындалды, орталық аппаратты ұстауға, кадрларды даярлау мен қайта даярлауға қаражат бөлу туралы мәселе шешілді, орталық аппараттың шекті саны белгіленді.

Ұлттық Патент ведомствосын Төлеш Ерденұлы Қаудыров басқарды.



Т.Е. Қаудыров – Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық Патент ведомствосының төрағасы (1992-2002 жылдар)

Қазақстан Республикасының Ұлттық Патент ведомствосы мен Авторлық және сабақтас құқықтар жөніндегі мемлекеттік агенттіктің құрылуы ұлттық зияткерлік меншік құқықтарын күзету мен қорғау жүйесінің қалыптасуына негіз болды.

1993 жылдың сәуірінде Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық Патент ведомствосының салтанатты ашылу таныстырылымы өтті.



Ұлттық Патент ведомствосының ашылу салтанатына қатысушылар

Сонымен бірге авторлық құқықты қорғаудың отандық жүйесі қалыптасты. «Қазақстан Республикасының Авторлық және сабақтас құқықтар жөніндегі мемлекеттік агенттігі туралы» Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 8 маусымдағы №508 Қаулысымен «тәуелсіз Қазақстан Республикасының құрылуына, оның халықаралық авторлық және сабақтас құқықтарды қорғау жүйесіне кеңінен қатысуына, ғылым, мәдениет, сауда және басқа да салалардағы мемлекетаралық қатынастарды дамытуға арналған авторлық және сабақтас құқықтарды қамтамасыз ету деңгейінің артуына байланысты, сондай-ақ аталған мәселелер мемлекеттік маңызға ие болып, қазіргі жағдайда тиісті мемлекеттік қолдаусыз шешілмейтінін ескере отырып», Қазақ авторлық құқықтар жөніндегі агенттігін Қазақстан Республикасының Авторлық және сабақтас құқықтар жөніндегі мемлекеттік агенттігі (ҚазАСҚМА) етіп қайта құру туралы Қазақ авторлық құқықтар жөніндегі агенттігінің мүдделі ұйымдармен келісілген ұсынысы қабылданып, оған мынадай міндеттер жүктелді: қолданыстағы заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасында және шетелде авторлардың, орындаушы әртістердің, дыбыс жазбаларын жасаушылардың, телерадио хабарларын тарату ұйымдарының және олардың құқықтық мирасқорларының құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету; авторлық және сабақтас құқықтар саласындағы заңнаманы жетілдіруге, Қазақстан Республикасының осындай құқықтарды қорғаудың халықаралық жүйесіне қатысуына байланысты ұсыныстар әзірлеу; авторларға, орындаушы әртістерге, дыбыс жазбаларын жасаушыларға олардың құқықтарын ұжымдық негізде басқару саласында мемлекеттік қолдау көрсету.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Патент ведомствосы туралы Ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 наурыздағы №284 Қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Патент ведомствосы («Қазпатент») Өнеркәсіптік меншік объектілерін (өнертабыстарды, өнеркәсіптік үлгілерді, пайдалы модельдерді, тауар белгілерін, қызмет көрсету белгілерін және тауарлар шығарылған жердің атауларын) құқықтық қорғау саласында мемлекеттік саясатты жүргізуді қамтамасыз ететін, үкіметтің құрамына кірмейтін республиканың орталық атқарушы органы болып қайта құрылды. Осы кезде ведомство іс жүзінде орталық атқарушы органның функцияларын орындауға мүмкіндік беретін деңгейге жетті.

Ұлттық Патент ведомствосының Қазақстан Республикасының №1 патентін беруі маңызды оқиға болды. «Редоксит» өнертабысына Қазақстан Республикасының алғашқы

патенті (жұмыс авторлары Е.Е.Ерғожин, Б.А.Мухитдинова, Р.Х.Бакирова. – 16.06.1997 жылғы №2 Бюллетень) Ә.Б. Бектұров атындағы Химия ғылымдары институтының атына және оның директоры Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Е.Е. Ерғожинге берілді.



Химия ғылымдары институтының директоры, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Е.Е. Ерғожинге Тәуелсіз Қазақстанның №1 патентін тапсыру

09.10.1997 4493

17.11.97 020/10 3201071

ЗАЯВЛЕНИЕ
о выдаче патента на изобретение

Институт химической наук АН РК

Редоксит с повышенным окислительно-восстановительным потенциалом, пригодный в качестве окислителя

Институт химической наук АН РК

3611659



1. Эрғожин Еділ Ерғожевич 480015 Алма-Ата, Абая 106, кв.10 (1900)

2. Мухитдинова Баки Ануарбековна 480015 Алма-Ата, Абая 31-25

3. Бакирова Рахима Хангеревна 480015 Алма-Ата, Ауэзова 111-15 (1900)

Зам. директора ИИХИ доктор Е.Е.Ерғожин, профессор

«Редоксит» өнертабысына патент беру жөніндегі өтініш



*Редоксит» өнертабысына берілген Қазақстан Республикасының
№1 патенті*

1994 жылғы 15 наурызда «Кілем» өнеркәсіптік үлгісіне бірінші патент берілді, оның иегері – «Алматы кілем» АҚ (KZ), авторы – Хвостенко Иван Иванович (KZ); 1994 жылғы 15 наурызда пайдалы «Ауыстырмалы қозғалтқышы бар көлік құралына» бірінші патент берілді, иегері – Габдуллин Зейнулла Габдрахимович (KZ), авторы – Габдуллин Зейнулла Габдрахимович (KZ); 1995 жылғы 15 ақпанда тауар белгісіне алғашқы куәлік берілді, оның иегері – «Үлбі металлургия зауыты» АҚ; 2000 жылғы 10 қазанда «ДЕМЕУ» ЖШС атына Сарыағаш минералды суына ТШЖА-ға алғашқы куәлік берілді; 2004 жылғы 15 желтоқсанда «Әуликөл ірі қара малдың етті тұқымы» селекциялық жетістігіне бірінші патент берілді, оның иегері – «Москалевское» ЖШС (KZ), авторлары – Ростовцев Никита Федорович (RU), Черкащенко Иван Иванович (RU), Карпов Михаил Григорьевич (KZ), Жанбуршинов Зейнулла Абаевич (KZ), Пахомова Мария Петровна (KZ), Мусин Ибрай Муканович (KZ), Шестерин Геннадий Васильевич (KZ), Аргимбаев Абдрахман Жумабаевич (KZ), Мустафин Хасен Ушукпаевич (KZ), Кусаинов Аип Кисанович (KZ), Антонов Валерий Михайлович (KZ), Гализдра Николай Иванович (RU), Смагулов Ағыбай Кусманович (KZ), Кабденов Акимбек Кабиденевич (KZ); 2021 жылғы 22 қазанда «Дыбыс деңгейі индикаторы» интегралды микросхемалар топологиясына бірінші куәлік берілді, патент иесі – Жакыпбаева Нурылкан Толеуовна, авторлары – Кудин Валерий Вячеславович, Садыков Рахат Қарымбекұлы.

1997 жылдан 2002 жылға дейінгі кезең ұлттық зияткерлік меншік жүйесі үшін бірқатар құрылымдық өзгерістермен есте қалды. Елде нарықтық экономиканың талаптарына сай келмейтін ескірген басқару жүйелерін қайта құру жүзеге асырылды. Оның тиімді, икемді әрі ұтқыр тетіктері қалыптасты. Нарықтың біртектес бөліктерінде бірдей функциялар атқаратын басқару органдарын біріктіру және орталықтандыру жұмыстары жүргізілді.

Мемлекеттің экономикалық саясатын іске асыруға белсене атсалысқан ұлттық зияткерлік меншік жүйесі де өзгерістерден тыс қалған жоқ.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқарудың тиімділігін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы №3655 Жарлығына және «Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы №3655 Жарлығын іске асыру мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 қарашадағы №1551 Қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Авторлық құқықтар жөніндегі агенттігі құрылды. Кейіннен «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 наурыздағы №223 Қаулысына және «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Авторлық құқықтар жөніндегі комитетінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 25 маусымдағы №846 Қаулысына сәйкес Агенттік Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қарамағына берілді және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Авторлық құқықтар жөніндегі комитеті болып қайта құрылды.

Патент ведомствосына келетін болсақ, «Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің Патент ведомствосы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 10 желтоқсандағы №1515 Қаулысымен Қазақстан Республикасының таратылатын Ұлттық Патент ведомствосының негізінде Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің Патенттік ведомствосы құрылды.

Содан кейін бұл ведомство «Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 4 наурыздағы №3377 Жарлығына сәйкес жаңадан құрылған Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігінің қарауына өтті.

«Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің, «Қазпатент» және «Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Статистика және талдау жөніндегі комитетінің Ақпараттық-есептеу орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын құру мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 қарашадағы №1552 Қаулысымен «патенттер және тауар белгілері, патенттік жүйенің тиімді қызметі мен дамуы саласындағы мемлекеттік монополияны қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің «Қазпатент» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны құрылды.

«Қазпатент» патенттер және тауар белгілері жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорнының мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 ақпандағы №142 Қаулысына сәйкес аталған кәсіпорын Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің ведомстволық қарамағына өтті.

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 23 тамыздағы №1295 Қаулысымен «Қазпатент» Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қарамағына берілді.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің мәселелері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 наурыздағы №411 Қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқықтары жөніндегі комитеті құрылды, оған Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің таратылатын Авторлық құқықтар жөніндегі комитетінің және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазпатент» патенттер және тауар белгілері жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорнының мүлкі мен істерін басқару жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері берілді.

Осы қаулымен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазпатент» патенттер және тауар белгілері жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитетінің «Қазақстан патенттік сараптама институты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып қайта құрылды.

Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы атқарушылық, бақылау-қадағалау қызметтерін және басшылық етуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың құрылымын оңтайландыру мақсатында «Санаткерлік меншік құқықтарын қорғаудың мемлекеттік жүйесін жетілдірудің кейбір мәселелері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 20

наурыздағы №345 Қаулысымен, сондай-ақ аталған құқықтарды қорғаудың мемлекеттік жүйесін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің «Қазақстан патенттік сараптама институты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны таратылды.

Ұлттық зияткерлік меншік жүйесінің оңтайлы институционалдық нысанын іздеген қиын жағдайда негізгі өндірістік қызметті ұйымдастырумен қатар құқықтық негіздерді құру, халықаралық зияткерлік меншік жүйесіне ену талаптарын қамтамасыз ету бойынша қарқынды жұмыс жүргізілді.

Құрылатын ұлттық патенттік жүйенің құқықтық негізіне басты екі заң алынды, олар: Қазақстан Республикасының Патент заңы (1992) және «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (1993) болды. Осы заңдарды дамыту үшін Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік меншік объектілеріне қорғау құжаттарын (алдын ала патенттер, патенттер мен куәліктер) беруге арналған өтінімдерді жасау, беру және қарау рәсімдерін, оларды пайдалануға арналған лицензиялық шарттарды, құқықтарды басқа біреуге беру шарттарын ресімдеу тәртібін және осы шарттарды тіркеу рәсімін регламенттейтін бірқатар заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер қабылданды.

«Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» (1996), «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» (1999), «Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы» (2001) Қазақстан Республикасы Заңдарының, сондай-ақ зияткерлік меншік құқығына қатысты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (1994; 1999) қабылдануы да маңызды болды.

Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымына (ДЗМҰ) мүшелікке және жекелеген халықаралық келісімдерге қатысу жөніндегі Қазақстан Республикасы 1993 жылғы 5 ақпандағы Декларациясын жіберу арқылы Қазақстан ДЗМҰ-ны құратын Конвенцияға қосылды. Бұл ретте ДЗМҰ-ға мүше елдердің тізімінде Қазақстан 1991 жылғы 25 желтоқсаннан бастап (КСРО ыдыраған күннен бастап) ДЗМҰ-ға мүше болып табылатыны көрсетіледі. Сонымен қатар Қазақстан Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясының мүшесі, Тауар белгілерін халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісімінің және Патенттік кооперация туралы шарттың қатысушысы атанды. ДЗМҰ-ға мүшелік және базалық халықаралық шарттарды ратификациялау қабылданған халықаралық міндеттемелерге сәйкес ұлттық заңнаманы үйлестіруге мүмкіндік берді. Ұлттық Патент ведомствосының халықаралық патенттік қоғамдастықтағы белсенді рөлін және оның қызметкерлерінің кәсіби сапасын ескере отырып, ДЗМҰ оны Орта Азия өңіріндегі өнертапқыштық мәселелер бойынша әдістемелік және оқу орталығы ретінде қарастырды. Өткен кезеңде ДЗМҰ-мен бірлесіп немесе оның қамқорлығымен Қазақстанда ДЗМҰ басшылығының және шетелдік сарапшылардың қатысуымен мамандарға арналған Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау және коммерциялық тұрғыдан пайдалану проблемаларының кең ауқымы бойынша бірқатар халықаралық оқу және тақырыптық семинарлар өткізілді, Қырғызстан, Тәжікстан және Түркіменстан патенттік ведомстволарының басшылары мен жетекші мамандары оқып, тағылымдамадан өтті.



ДЗМҰ делегациясының Ұлттық Патент ведомствосына сапары

Ұлттық Патент ведомствосы мемлекеттік органдар арасында алғашқылардың бірі болып еуразиялық ынтымақтастық идеясын жүзеге асыру бойынша қадамдар жасады. Қазақстан Республикасының атынан өкілдік ететін Ұлттық Патент ведомствосының өкілдері ТМД елдерінің өнеркәсіптік меншігін қорғау мәселелері жөніндегі Мемлекетаралық кеңесті құруға тікелей қатысты. Оның ең елеулі жетістігі Еуразиялық патенттік конвенцияның тұжырымдамасын (1994) әзірлеу болды.

Атауын Қазақстанның бастамасы бойынша алған конвенцияға қол қоюдан бұрын ұзақ жұмыс жүргізілді, оған сол кезде жаңадан құрылған Ұлттық Патент ведомствосы белсенді атсалысты.

Бірінші екіжылдық мерзімге Еуразиялық патенттік ұйымның (ЕАПҰ) Әкімшілік кеңесінің төрағасы болып Т.Е. Каудыров сайланды.

Екі жылдан кейін Мәскеуде Әкімшілік кеңестің алтыншы отырысына қатысушылар оның ЕАПҰ қалыптасуының ең жауапты кезеңдерінің бірінде кеңесті басқару бойынша нәтижелі қызметін атап өтті.



Еуразиялық патенттік ведомство отырысының қатысушылары, Алматы қаласы



Еуразиялық патенттік ведомствосының тұңғыш Президенті В.И. Блинниковпен кездесу

Ұлттық Патент ведомствосы Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіру бағдарламасын іске асыру үшін ел басшылығы қойған міндеттерді орындауға белсене қатысты. Осы міндеттерді орындау аясында Қазақстанның зияткерлік меншік саласын реттейтін заңнамасы ДСҰ-ның негізгі келісімдерінің бірі – Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері туралы келісімнің (TRIPS) талаптары мен нормаларына сәйкестігі бойынша жан-жақты талқыланды. Осы ретте 1999 жылы қазіргі қолданыстағы Патент заңы және Тауар белгілері туралы Заң қабылданды.

Зияткерлік меншікті күзету мен қорғаудың ұлттық жүйесін қалыптастыру, негізінен, 2002 жылы аяқталды. **Оның дамуының жаңа кезеңі «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің Ұлттық санаткерлік меншік институты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 шілдедегі №756 Қаулысымен шаруашылық жүргізу құқығындағы аталған кәсіпорын (ҰЗМИ) құрылған кезде басталды.**

ҰЗМИ қызметінің негізгі мақсаты «ғылым саласында зияткерлік меншік мәселелері бойынша өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру және мемлекеттік монополияға жатқызылған салаларда қызметті жүзеге асыру (өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғау саласында қызметтер көрсету)» деп белгіленді.

2003 жылғы 19 қыркүйекте Зияткерлік меншік құқығы комитетінің төрағасы Н.Н. Сахипова, мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың және ғылыми қоғамдастықтың өкілдері қатысқан ашылу салтанатының таныстырылымы болды.



ҰЗМИ ашылу салтанатының таныстырылымы



ҰЗМИ ұжымы (2003 жыл)



Саят Нұрмұхамедұлы Нүсіпов – Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің «Ұлттық зияткерлік меншік институты» РМҚК 2003 жылғы желтоқсаннан 2007 жылғы сәуірге дейінгі директоры

ҰЗМИ қызметтері (2003 жыл)



Тіркеу-бақылау қызметі



Өнертабыстар мен пайдалы модельдерді сараптау қызметі



Тауар таңбалары мен өнеркәсіптік үлгілерді сараптау қызметі



Мемлекеттік тізілімдер қызметі



Жарияланым және қоғаммен байланыс қызметі



Ақпарат және талдамалық зерттеулер қызметі



Коммерцияландыру және бағалау қызметі



Заң қызметі



. Ақпараттық технологиялар қызметі



Хат-хабарларды тіркеу қызметі, кадр қызметі



Бухгалтерия



Архив

2006-2007 жылдары ҰЗМИ Алматы қаласынан Астана қаласына көшірілді. Ведомство алдында кадрлық қиындықтар туындады, себебі мамандардың көбі Алматы қаласындағы ҰЗМИ филиалында жұмыс істеуге қалды. Осыған байланысты жаңа кадрлық құрам жасақталып, ҰЗМИ-дің Алматы қаласындағы филиалының Оқу орталығында тәжірибелі сарапшылардан оқып, Еуразиялық патенттік ведомствода, ДЗМҰ-да тағылымдамадан өтті, Ресей Мемлекеттік зияткерлік меншік академиясында және Украина зияткерлік меншік институтында оқыды. Қысқа мерзімде өндірістік және әлеуметтік сипаттағы басқа да міндеттер шешілді.

ҰЗМИ құрылымында өзгерістер болды, ҰЗМИ-дің Алматы қаласындағы филиалы, «Патенттік-құқықтық консалтинг орталығы» және ҰЗМИ-дің Алматы қаласындағы филиалының Оқу орталығы құрылды.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кеңейтілген алқа отырысының 2012 жылғы 20 шілдедегі №3 хаттамасында өңірлердегі зияткерлік меншікті дамыту мақсатында Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстарында ҰЗМИ филиалдары түрінде патенттік клиникаларды ашу тапсырылды. Оларды құру халықтың патенттік сауаттылығын дамытуға, инновациялық қызметті және өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін дамытуға, сондай-ақ өнеркәсіп секторына келешегі зор өнертабыстарды енгізуге ықпал етуге бағытталды.

«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің «Ұлттық зияткерлік меншік институты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 4 ақпандағы №84 Қаулысымен аталған кәсіпорын Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің «Ұлттық зияткерлік меншік институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып қайта ұйымдастырылды.

«Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 14 тамыздағы №933 Қаулысымен Зияткерлік меншік құқығы комитеті таратылды. Оның орнына Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы департаменті құрылды.

Әділет министрлігінің ведомстволық бағынышты ұйымы ретінде белгіленген ҰЗМИ өзінің қазіргі: «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Ұлттық зияткерлік меншік институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны» атты атауына ие болды. Ұлттық зияткерлік меншік жүйесінің қазіргі жағдайы осылай қалыптасқан болатын.

ҰЗМИ-ді басқаруды жүзеге асыратын орган 2014 жылдан бастап тікелей Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі болғандықтан, жетекшілік ететін вице-министрлер З.Х. Баймолдина (2014-2017 жылдар), Э.А. Азимова (2017-2020 жылдар) институттың дамуына орасан зор үлес қосты.

2020 жылдан бастап зияткерлік меншік бағытына Әділет вице-министрі А.Е. Ахметова жетекшілік етіп келеді.

Мемлекеттік органдармен және ұйымдармен қатар тәуелсіздік жылдарында ұлттық зияткерлік меншік жүйесінің басқа да маңызды субъектілері – патенттік сенім білдірілген өкілдер ұйымдары, авторлық және өзге де зияткерлік меншік құқықтарын ұжымдық басқару ұйымдары және басқа да қоғамдық ұйымдар қалыптасты.

Патенттік сенім білдірілген өкілдер институты дамыды. Отандық патенттік жүйенің қалыптасуы кезеңіндегі 1994-2004 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының Патенттік сенім білдірілген өкілдері тізілімі 38 патенттік сенім білдірілген өкілден тұрса, бүгін бұл көрсеткіш 170-ке жетті. Зияткерлік меншік саласындағы мамандар қоғамдастығы ретінде патенттік сенім білдірілген өкілдер институтын дамытуға жәрдемдесу мақсатында аталған салада кезең-кезеңімен кәсіби қоғамдық бірлестіктер құрылды.

Авторлық және сабақтас құқықтар иелерінің мүддесі үшін мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдар (МҚБҰ) құрылды. Қазақстан Республикасының аумағында алғашқы МҚБҰ – «Қазақстан авторлар қоғамы» РҚБ өз қызметін 1998 жылдың қыркүйегінде бастады. Бүгінде Қазақстанда бұл ұйымдардың саны 10-нан жоғары, оның ішінде 4 ұйымның Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі берген ұжымдық басқару саласындағы аккредиттеу куәлігі бар.

Зияткерлік меншік жүйесінің жұмысы мен одан әрі дамуының негізгі бағыттары зияткерлік меншік құқықтарын күзету мен қорғаудың құқықтық негізін қалыптастыруға қатысу, халықаралық ынтымақтастыққа қатысу, оларды қорғауға тікелей атсалысу, оның ішінде мемлекеттік қызметтер көрсету арқылы мамандарды даярлау және олардың біліктілігін арттыру, сондай-ақ көрсетілген салада халықтың құқықтық сауаттылығын және хабардарлығын арттыру болып табылады.

Қазақстан Республикасының Егемендік алуы заң шығару, оның ішінде зияткерлік меншік саласындағы заң шығару қызметінің жандануымен қатар жүрді. Қазақстан Республикасында Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, зияткерлік меншік туралы арнаулы заңдарға, халықаралық құқықтың қағидаттары мен нормаларына негізделген зияткерлік меншік туралы заңнама жүйесі қалыптасты. Жекелеген ережелер, оның ішінде, зияткерлік меншік объектілеріне қатысты құқықтарды бұзғаны үшін жауаптылыққа, оларды тіркеу бойынша мемлекеттік қызметтерге, жекелеген зияткерлік меншік объектілерінің құқықтық мәртебесінің ерекшеліктеріне, оларды коммерцияландыруға қатысты ережелер заңнаманың сабақтас салаларының нормаларымен бекітілді.

Зияткерлік меншік жүйесі ұлттық инфрақұрылымның ажырамас бөлігіне айналды. Осыған байланысты елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының өзекті және перспективалы міндеттерін ескере отырып, оның құқықтық негіздерінің мазмұнын жетілдіру бойынша үздіксіз жұмыс жүргізілді.

Америка Құрама Штаттарының Сауда және бәсекелестік туралы жалпы заңына сәйкес, 1303-бөлімінің арнаулы 301-бөлімі аясында америкалық азаматтардың зияткерлік меншік құқықтарын бұзатын елдерді анықтау қарастырылған. Жыл сайын АҚШ Сауда комиссиясы зияткерлік меншікті тиісті түрде қорғауды қамтамасыз етпейтін елдердің тізбесін дайындайды. Бұл тізбе үш тізімнен тұрады: бірінші (басым шет елдер), оларда ең өрескел құқық бұзушылықтарға жол беріледі; екінші (басым бақылауға жататын елдер) және үшінші (жай бақылауға жататын елдер). Бірінші тізімге енгізілген елдерге қатысты АҚШ өте қатаң санкциялар қолдануы мүмкін, мысалы, импорттық баждарды ұлғайту, импорттық квоталарды қысқарту, осы елге бұрын берілген Сауда туралы келісімге сәйкес арнаулы жеңілдіктерді уақытша тоқтата тұру немесе жою. Америка тарапы бірқатар өнімдерді экспорттауға айыппұл баждар түрінде экономикалық санкциялар қолдануы мүмкін.

2000 жылғы 11 мамырда бұрынғы КСРО-ның 12 республикасы, оның ішінде Қазақстан да 1998-1999 жылдары авторлық құқықты қорғау жай-күйіне шолу жасау нәтижесінде осы тізімнің әртүрлі топтарына енгізілді.

Қазақстанның ведомствоаралық «Арнаулы шолу – 301» бақылау тізіміне (Watch List) енуіне байланысты 2003 жылғы 18 қарашада Қазақстанды көрсетілген тізімнен шығару жөніндегі ведомстволық бағдарлама бекітілді. Осы бағдарламаның негізгі міндеттері зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы заңнаманы, құқық қолдану практикасын,

зияткерлік меншік объектілері бар тауарлардың кедендік шекара арқылы өткізілуінің кедендік бақылау тетігін жетілдіру; зияткерлік меншік құқықтарын қорғау мәселелерімен айналысатын мамандардың біліктілігін арттыру; қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимылды жандандыру; зияткерлік меншік саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және ескерту жөніндегі жұмысты күшейту болды.

Қазақстан Республикасы зияткерлік меншік саласындағы заңнаманы үйлестіру үшін заңнаманы жетілдіру бойынша бірқатар шаралар қабылдады. Осылайша, 2004 жылы республика ДЗМҰ-ның авторлық құқық және орындаушылықтар мен фонограммалар жөніндегі шарттарына қосылды. Авторлық және сабақтас құқықтарды қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіру мақсатында туындыларға ретроактивті қорғауды енгізуді, зияткерлік меншік құқықтарын бұзғаны үшін салынатын санкцияларды күшейтуді көздейтін заң қабылданды. Халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша іс-шаралар аясында тұрақты түрде құқықтық түсіндіру жұмысы жүзеге асырылды. Контрафактілік өнімнің таралу деңгейін төмендету үшін құқық қорғау органдарымен бірлесіп зияткерлік меншік саласындағы заңнаманы сақтау тұрғысынан тексеру іс-шаралары жүргізілді.

Жүргізілген жұмыстардың арқасында Қазақстан Республикасы 2006 жылғы 28 сәуірде «Тізім – 301»-ден алынып тасталды және бүгінгі күні «Special 301 Report» тізімдерінің ешқайсысына енгізілмеген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 желтоқсандағы №1243 Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының патенттік жүйесін дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған бағдарламасы зияткерлік меншік құқықтарын күзету мен қорғау саласындағы заңнаманы дамытуда өте маңызды рөл атқарды. Оның мақсаты ұлттық патенттік жүйенің тиімділігін арттыру болып табылады, оның негізгі міндеттері мыналарды қамтиды: өнеркәсіптік меншік объектілерін патенттеу рәсімін жаңғырту, оның ішінде патенттік өтінімдерді уақытында сараптауды қамтамасыз ету, қорғау құжаттарын беру мерзімдерін қысқарту және олардың сенімділігін арттыру; зияткерлік меншік объектілерін қорғау саласын кеңейту және жетілдіру; патенттік-ақпараттық ресурстардың толыққанды жүйесін жасау; патенттік қызметтер инфрақұрылымының институционалдық негіздерін құру; өнертапқыштық және патенттік-лицензиялық қызметті жандандыру және қолдау; ішкі нарықты жалған тауарлардан қорғауға жәрдемдесу және өнеркәсіптік меншік объектілерін заңсыз пайдаланудың жолын кесу бойынша шараларды жетілдіру, контрафактілік өнімнің деңгейін қысқарту.

Аталған құжатты дайындау барысында еліміздегі өнеркәсіптік меншікті қорғау жағдайына толық талдау жүргізілді. АҚШ, Жапония, Германия, Аустралия, Ресей Федерациясының тиісті заңнамасы, сондай-ақ Еуразиялық және Еуропалық патенттік ведомстволар сияқты өңірлік патенттік ұйымдардың құжаттары зерделенді. Зияткерлік меншікті қорғаудың әлемдік жүйесінің жағдайы мен даму тенденцияларын, сондай-ақ осы саладағы өзекті мәселелерді талдау негізінде елдегі зияткерлік меншікті қорғаудың барлық бағыттарын дамытудың оңтайлы жолдары әзірленді.

Бағдарламаның негізгі мақсатының бірі жоғары техникалық деңгейдегі объектілерді жасаушылардың да, шағын және орта бизнеске арналған өнертабыстарды әзірлеушілердің де мүдделерін ескеретін өнертабыстарды патенттеу жүйесіндегі өзгерістер бойынша жасалған ұсыныстар болды. Сондай-ақ құжатта заңнаманы, кадр саясатын одан әрі дамыту, халықаралық ынтымақтастықты дамыту, зияткерлік меншікті қорғау саласында кадрлар даярлау жүйесін дамыту, ақпараттық қызметтер мен тарифтік саясатты жетілдіру мәселелері көрініс тапты. Бағдарламаны іске асыру зияткерлік меншік құқықтарын күзету мен қорғау деңгейін арттырды.

Заңнаманы жетілдіру жөніндегі жұмыс қашанда Қазақстан Республикасының Парламентімен тығыз өзара әрекеттестікте жүзеге асырылып отырады.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен ҰЗМИ заң жобаларын дайындауға, заң жобаларының Парламент Мәжілісі мен Сенатында өтуі кезінде жұмыс топтарына қатысты.



*Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі жұмыс тобының көшпелі отырысы.
ҰЗМИ, 2021 жылғы 21 ақпан*

Заң жобалау жұмысының перспективалы бағыттарын айқындау және құқық қолдану практикасының анағұрлым өзекті мәселелерін талқылау үшін бірлескен іс-шаралар өткізілді.



Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті мүшелерінің зияткерлік меншік құқықтарын қорғау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің және ҰЗМИ-дің басшылығымен 2021 жылғы 29 сәуірдегі кездесуі (онлайн режимде)

Парламент Палаталарының профильді комитеттері ҰЗМИ негізінде көшпелі тақырыптық отырыстар өткізді.



Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің «Қазақстан Республикасында зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» көшпелі отырысы (Дөңгелек үстел форматында). ҰЗМИ, 2021 жылғы 22 маусым

Заңнаманы жетілдірумен қатар елдің зияткерлік меншік жүйесі халықаралық ынтымақтастықты әлемдік стандарттарға жақындатты. Қазақстан әуел бастан өзара ынтымақтастық пен экономикалық интеграция жөніндегі халықаралық және өңірлік одақтарға, халықаралық және үкіметаралық келісімдерге қатысты, олардың шеңберінде зияткерлік қызметті жетілдіру, авторлар мен өнертапқыштардың құқықтарын қорғау, шығармашылық әлеуетті ынталандыру бойынша ережелер қабылданып, қолданысқа енгізілді.

ДЗМҰ Бас директоры Фрэнсис Гарридің 2012 жылғы 23-24 мамырдағы Қазақстанға келген сапары маңызды оқиғалардың бірі саналды. Оның сапарының негізгі мақсаты V Астана экономикалық форумының жұмысына қатысу болды. Фрэнсис Гарри V Астана экономикалық форумының пленарлық отырысына, сондай-ақ «Экономикалық дамудағы зияткерлік меншіктің рөлі» атты панельдік сессиясының жұмысына қатысып, спикер ретінде сөз сөйледі; «Шапағат-2012» IX жыл сайынғы республикалық өнертапқыштық саласындағы жетістіктер байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсіміне қатысты және қазақстандық өнертапқыштарға ДЗМҰ-ның 8 марапатын табыстады.



V Астана экономикалық форумының қатысушылары. Ортада – ДЗМҰ Бас директоры Фрэнсис Гарри

2015 жылы Қазақстанның ДСҰ-ға енуі жөніндегі келіссөздер процесі аяқталды, 2015 жылғы 27 шілдеден бастап мемлекетіміз ресми түрде ДСҰ-ға мүше 162-ші мемлекетке айналды.

ДСҰ-ға ену жөніндегі келіссөздер 20 жыл бойы жалғасты. Келіссөздер барысында Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі зияткерлік меншік мәселелеріне жауапты болып, ұлттық заңнаманы Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі келісімнің (TRIPS) ережелеріне сәйкестендіру бойынша айтарлықтай жұмыс атқарды. Бұл процесс кезең-кезеңімен жүргізілді. Бұл ретте 2004-2005, 2009 және 2012 жылдары қолданыстағы заңдарға мынадай бірқатар өзгерістер енгізілді: авторлық және сабақтас құқықтар объектілерін қорғау мерзімдерін ұлғайту; авторлардың құқықтарын ретроактивті қорғауды енгізу; зияткерлік меншік құқықтарын бұзғаны үшін қылмыстық жауаптылықты нақтылау және қатаңдату, қорғалатын объектілерді нақтылау (интегралдық микросхемалар топологиясы, селекциялық жетістіктер; қайталау); зияткерлік меншік құқықтарын бұзу белгілері бар тауарларды дербес тоқтата тұру бойынша кеден органдарына өкілеттік беру.

ДСҰ-ға кіру ұлттық заңнаманы және зияткерлік меншікті күзету мен қорғаудың қазақстандық жүйесін одан әрі дамытуға барынша ықпал етті.

2018 жылы мамыр айында Қазақстан Республикасының Патент ведомствосы делегациясы АҚШ-тың Патенттер және тауар белгілері жөніндегі ведомствосына (USPTO) жұмыс сапарымен барды. АҚШ-тың Патенттер және тауар белгілері жөніндегі ведомствосына (USPTO) жасалған жұмыс сапары аясында Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқықтары департаментінің директоры Қ. Есембаева мен ҰЗМИ директоры Е. Оспанов USPTO директоры А. Ианкумен кездесті. Басшылар екі ведомство қызметінің ағымдағы көрсеткіштерін, өзара іс-қимылдың өзекті мәселелерін және екіжақты ынтымақтастықты кеңейту перспективаларын талқылады. Осыдан кейін қазақстандық делегация USPTO патенттік сараптама жөніндегі комиссардың орынбасары Р. Бармен және USPTO саясат және халықаралық қатынастар бөлімінің патенттік сенімді өкілі К. Хеннонмен ІТ-шешімдерді патенттеу мәселелерін талқылауға арналған кездесу өткізді. Ақпарат бөлімінің статистика және портфолио маманы Т. Бичпен кездесу барысында USPTO-ның жасанды интеллект құралдарын қолдану тәжірибесі зерттелді. Қазақстандық делегация Америка тарапын Қазақстан Республикасындағы зияткерлік меншік объектілерін тіркеудің негізгі қағидаттарымен, сондай-ақ ҰЗМИ-дің қызметтерді цифрландыру жөніндегі қызметімен таныстырды.

2018 жылғы 28-29 тамызда Қазақстан өкілдері Бейжің қаласында өткен «Белдеу және Жол» атты зияткерлік меншікті қорғау жөніндегі жоғары деңгейдегі конференцияға қатысты. Іс-шараны ДЗМҰ Бас директоры Фрэнсис Гарри, Қытай Халық Республикасы Ұлттық зияткерлік меншік ведомствосының Комиссары Шэнь Чанюй және Еуразиялық патенттік ұйымның Еуразиялық патенттік ведомствосының президенті С. Тлевлесова ашты. Конференцияға ДЗМҰ, ЕАПҰ, бірқатар Ұлттық зияткерлік меншік ведомстволарының басшылары қатысты. Конференцияның бірінші күні ҰЗМИ директоры Е. Оспанов «Инновациялар мен өнертапқыштықты қолдауға арналған зияткерлік меншік саласындағы тұрақты көпжақты ынтымақтастық – Халықаралық нормалар, АЖ жаһандық сервисі және ұлттық деңгейдегі тәжірибе» атты панельдік сессияда Қазақстанның ұлттық патенттік ведомствосының жетістіктерімен бөлісіп, таныстырылым жасады. Сонымен қатар Конференция аясында делегация басшыларының ҚХР Мемлекеттік кеңесінің Премьері Ли Кэцянмен кездесуі болды.



«Белдеу және Жол» зияткерлік меншікті қорғау бойынша жоғары деңгейдегі конференцияға қатысушылар

2021 жылғы 6 сәуірде бейнеконференцбайланыс форматында ҰЗМИ мен Еуропалық Одақтың Зияткерлік меншік ведомствосы (EUIPO) арасында екіжақты ынтымақтастық бойынша Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.

Қазақстан Республикасы зияткерлік меншік құқықтарын бұзу саласындағы қазіргі заманғы жаһандық сын-қатерлерге қарсы іс-қимылға елеулі үлес қосты. Мысалы, 2013 жылғы 24-25 мамырда VI Астана экономикалық форумы шеңберінде «Интернет желісінде зияткерлік меншік құқықтарын қорғау: проблемалар мен перспективалар» тақырыбында панельдік сессия өтті. Бұл сессияның мақсаты Интернет саласындағы проблемалық мәселелерді талқылау және осы саладағы қылмыспен күрес бойынша халықаралық сарапшылар деңгейінде ұсыныстар әзірлеу болды. Іс-шараға халықаралық ұйымдар мен IT компаниялардың өкілдері, зияткерлік меншік саласындағы сарапшылар, сондай-ақ ТМД елдерінің мемлекеттік органдары мен патенттік ведомстволарының басшылары, авторлар мен құқық иеленушілер қатысты. Сессия барысында қатысушылар авторлық құқық иелерінің, Интернеттегі тауар белгілері иелерінің мүдделерін құқықтық және техникалық тұрғыдан қорғау, Интернет қарақшылықпен күрес және құқық бұзушылықтың осы түрі үшін жауаптылық мәселелерін қарастырды.

2014 жылғы 21-23 мамырда VII Астана экономикалық форумы шеңберінде ҰЗМИ-дің қатысуымен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ұйымдастыруымен «Антиконтрафакт» II Халықаралық форумы өткізілді. «Антиконтрафакт» форумы контрафактілік өнімдермен күрес, зияткерлік меншік объектілеріне қатысты құқықтарды қорғау және тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің өркениетті нарығын қалыптастыру саласында билік, бизнес, ғылым өкілдерінің, құқық иеленушілердің, өндірушілердің, авторлар мен жұртшылықтың құрылымдық диалогы үшін халықаралық алаң болып табылады.

«Антиконтрафакт» форумында контрафактілік, жалған және сапасыз өнімдердің айналымына қарсы іс-қимыл мәселелері; азық-түлік және фармацевтикалық қауіпсіздік; Интернетте қарақшылық музыкалық аудио және бейне өнімдерін тарату мәселелері, сондай-ақ Кеден одағы шеңберінде зияткерлік меншік саласындағы заңнаманы үйлестіру мәселелері талқыланды.



«Антиконтрафакт» II Халықаралық форумының қатысушылары

2021 жылғы 26-28 тамызда ҰЗМИ негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі, Еуразиялық экономикалық комиссия және «Антиконтрафакт» Халықаралық қауымдастығы ұйымдастырған «Антиконтрафакт-2021» IX Халықаралық форумы өтті. Бұл іс-шараның басты тақырыбы зияткерлік меншікті жаңа жағдайда қорғау мәселелері болды. Форумға барлығы 625 қатысушы тіркелді. Екі күн ішінде 10 сессия және Жастар форумы әлеуметтік желілерде таратылып, онлайн форматта сарапшылар марафоны өтті.



«Антиконтрафакт-2021» форумына қатысушылар

«Антиконтрафакт-2021» форумы аясында қатысушылар креативті экономиканы дамытудың іргетасы ретінде зияткерлік меншік құқықтарын қорғау, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерде өнеркәсіп және сауда салалары бойынша контрафактілік және жалған өнім айналымына қарсы іс-қимыл саласындағы ахуал, фармацевтика саласында зияткерлік меншік құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету, жалған және контрафактілік өнімдер айналымымен күрес, бәсекелестікті қорғау және зияткерлік меншік объектілеріне қатысты құқықтарды қамтамасыз ету, Интернет желісінде зияткерлік меншік құқығын қамтамасыз ету мәселелері бойынша тәжірибе мен пікір алмасуға, талқылауға мүмкіндік алды.

Пленарлық отырыстың қорытындысы бойынша «Контрафактіге қарсы күресте сіңірген еңбегі үшін» Халықаралық «Антиконтрафакт» қауымдастығының төс белгісімен марапаттау рәсімі өтті.

Зияткерлік меншікті қорғау құқығының пайда болуының басты шарты оларды мемлекеттік тіркеу болып табылады. Бұл қызмет 2003-2017 жылдар аралығында Саят Нұрмұхамедұлы Нүсіпов, Нұрлан Баржақсыұлы Баржақсы және Сырым Еркінұлы Бекенов басқарған ҰЗМИ-дің тиісті мемлекеттік қызметтерді көрсетуі шеңберінде жүзеге асырылды.



Нұрлан Баржақсыұлы Баржақсы – Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің «Ұлттық зияткерлік меншік институты» РМҚК-ның 2007 жылдың маусымынан 2008 жылдың қазан айына дейінгі директоры



Сырым Еркінұлы Бекенов – Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Ұлттық зияткерлік меншік институты» РМҚК-ның 2008 жылдың қазанынан 2016 жылдың желтоқсан айына дейінгі директоры

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Ұлттық зияткерлік меншік институты» РМҚК-ны 2017 жылдан бастап Ербол Канатович Оспанов басқарып келеді.



Ербол Қанатұлы Оспанов – Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Ұлттық зияткерлік меншік институты» РМК-ның 2017 жылдан бергі директоры

ҰЗМИ өндірістік қызметі бастапқыда өнеркәсіптік меншік объектілеріне, яғни өнертабыстарға, пайдалы модельдерге, тауар белгілеріне, тауар шығарылған жерлердің атауларына, өнеркәсіптік үлгілерге, сондай-ақ селекциялық жетістіктерге арналған өтінімдерге сараптама жүргізуді қамтыды. Институт Өнеркәсіптік меншік объектілерінің мемлекеттік тізілімін құруды және жүргізуді, олар туралы мәліметтерді жариялауды, қорғау құжаттарын беруге дайындауды жүзеге асырды.

Кейіннен ҰЗМИ іздеу және тіркеу қызметінің бағыттары кеңейтілді. Мысалы, 2008 жылы Қазақстан Республикасы CD-ROM оптикалық дискілерінде бірлескен өңірлік патенттік-ақпараттық өнімді шығару туралы келісіміне қосылды (Мәскеу, 2001). ТМД-ның бұл жобасы бүгінде патенттік іздеу үшін көптеген жүйелерге біріктірілген бірқатар қатысушы мемлекеттердің патенттік құжаттамасының бірлескен дерекқорын шығаруды көздеп отыр. 2008-2021 жылдары дерекқорға Қазақстанның 13098 құжаты ұсынылды. CISPATENT мүмкіндіктерін пайдалану елдің патенттік ресурстарын ұлғайтуға, жобаға қатысушы елдердің патенттік базасының көмегімен іздеу жұмыстарын жетілдіруге мүмкіндік берді.

2009 жылы өнеркәсіптік үлгілерді сараптау қызметі бөлініп, әлем елдерінің 13 базасы, оның ішінде ұлттық база және Ресей Федерациясының Федералды өнеркәсіптік меншік институтының базасы бойынша өнеркәсіптік үлгілер бойынша ақпараттық іздеуді дербес жүзеге асыра бастады.

Қазақстан Республикасы зияткерлік меншік объектілерін кезең-кезеңімен тіркеу жөніндегі үш халықаралық жүйенің (*Патенттік кооперация туралы шартқа (РСТ) сәйкес халықаралық патенттеу жүйесі, Тауар белгілерін тіркеудің Мадрид жүйесі, Еуразиялық патенттік жүйе*) қатысушысы атанды.

Зияткерлік меншік объектілерін тіркеудің бірдеңгейлі жүйесіне көшуді көздейтін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік саласындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 20 маусымдағы №161-VI Қазақстан Республикасының Заңы қабылданғаннан кейін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі ҰЗМИ-ге өнеркәсіптік меншік объектілерін мемлекеттік тіркеу, интегралдық микросхемалар топологияларын мемлекеттік тіркеу және Авторлық құқықтардың мемлекеттік тізілімін жүргізу бойынша өкілеттік берді. Осылайша, 2018 жылдың қыркүйегінен бастап ҰЗМИ барлық зияткерлік меншік объектілерін мемлекеттік тіркеу бойынша қызметтердің бірыңғай операторы қызметін атқарып келеді.

Олардың қатарында елдің элеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан, танымалдыққа ие болған мынадай өнертабыстар мен селекциялық жетістіктер бар:

- медицина және денсаулық сақтау саласында – жаңа типті Covid-19 коронавирусына қарсы QazVac (QazCovid-in) қазақстандық вакцинасы («Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты» РМҚ); аминарлық типті гемосорбент («Жалын ҒӨТО» ЖШС); диеталық тамақтануға арналған «ULYTAU» арнаулы шоколады («Қазақ тағамтану академиясы» ЖШС); ФС-1 дәріге төзімді туберкулезді емдеуге арналған препарат (Инфекцияға қарсы препараттар ғылыми орталығы); құрамында қымыз, айран және шұбаттан алынған бактериялар бар синбиотик (Назарбаев университеті);

- ауылшаруашылығы саласында – ірі қара малдың Әуликөл етті тұқымы («Москалевское» ЖШС); Ақмола 2 және Астана 2 жаздық жұмсақ бидай сұрыптары («А.И. Бараев атындағы ғылыми-өндірістік орталық» ЖШС); топырақ өңдеу машиналары (С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті);

- өнеркәсіп саласында – «Жылу алмасу модулі ЖАМ-1» жылыту қазандығы (Е.Н. Воронов); сүзгі бағанасын және әртүрлі мақсаттағы ұңғымалардың түбіндегі шөгінділерін тазалауға арналған құрылғы (Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, уақытша ғылыми ұжымның құрамы: Касенов А. Пернеш Е.Қ., Батиев Р.А., Алтынбек А.Д., Юсупов С.А., Файзулин А.З., Молдабеков М.С.).

Қарқынды дамып келе жатқан кәсіпорынның жетістіктері үшін ҰЗМИ халықаралық деңгейде аталып өтті: 2009 жылы «Ұлттық зияткерлік меншік институты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны «XX ғасыр көшбасшылары» бағдарламасы аясында Өнеркәсіпшілер мен кәсіпкерлердің халықаралық конгресінің комитеті берген «Еуропаның үздік кәсіпорны» халықаралық марапатына ие болды. Мұндай марапатқа ұсыну халықаралық экономикалық қатынастардың тең құқылы және бәсекеге қабілетті әріптесі ретінде әлемдік инновациялық қызметте ҰЗМИ-дің тұрақты және табысты дамуын көрсетеді.

Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттырудың маңызды резерві оларды автоматтандыру болды.

Ақпараттық инфрақұрылымды дамыту 1993 жылы «Қазпатент» ақпараттық-есептеу жүйесін құрудан басталды.

Аталған инфрақұрылым объектілері ретінде төмендегілер таңдалды:

- өтінімдерді тапсыру технологиясы және онымен байланысты операциялар (тіркеу, бақылау, есепке алу, талдау, сараптама, іс жүргізу);

- ақпаратты жариялау (ресми бюллетеньдерді, көрсеткіштерді, өнертабыстардың сипаттамаларын басып шығару, тираждау, қорғау құжаттарын беру);

- тақырыптық дерекқор жүйесі (библиографиялық, іс жүргізу, төлемдерді есепке алу, ұлттық патенттік ақпарат және т.б.);

- кеңсе қызметі (басшылық, бухгалтерия, кеңсе және т.б.).

Ақпараттық-есептеу жүйесі үнемі дамып, жетілдіріліп отырды, өндірістік қажеттіліктен туындаған дерекқордың құрылымына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, оған отандық заңнама мен ДЗМҰ стандарттарын жетілдіру, дерекқор мен қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етілімнің функцияларына қойылатын жаңа талаптардың пайда болуы әсер етті.

Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты пайдаланылатын бағдарламалық қамтамасыз етілімді ауыстыру қажеттілігі туындады, осыған байланысты дерекқормен жұмыс істеу үшін ең заманауи технологиялар мен бағдарламаларды пайдалана отырып, жаңа автоматтандырылған жүйені әзірлеу туралы шешім қабылданды.

2005 жылы «Ұлттық зияткерлік меншік институты» («ҰЗМИ» ААЖ) автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне техникалық жоба әзірленді. 2009 жылы «ҰЗМИ» ААЖ кезең-кезеңмен тәжірибелік пайдалануға енгізілді, ал 2010 жылдың қаңтарынан бастап өнеркәсіпте пайдалануға енгізілді.

«ҰЗМИ» ААЖ Институт қызметтерінің өнеркәсіптік меншік объектілеріне арналған қорғау құжаттарымен жұмысты автоматтандыру және оңайлату, осы құжаттар бойынша іс

жүргізу және қызметтер арасында электрондық құжат айналымын ұйымдастыру бағыттарындағы барлық функционалды талаптардың орындалуын қамтамасыз етті.

2011 жылдың ақпан айынан бастап өтініш берушілерге ресми сайт (www.kazpatent.kz) арқылы барлық өнеркәсіптік меншік объектілері бойынша қорғау құжаттарын беру өтінімдерін электронды түрде, 2014 жылдан бастап «электрондық үкімет» (www.egov.kz) порталы арқылы жүзеге асыру мүмкіндігі берілді.

Зияткерлік меншік объектілеріне электрондық өтінім берудің оң динамикасы жылдан жылға артып келеді.

Қорғау құжаттарын тіркеуге электронды өтінім беруді енгізу өтінім беру рәсімін жеңілдетуге және өтінім материалдарын өңдеу уақытын азайту есебінен сараптама мерзімін едәуір қысқартуға мүмкіндік берді. Алайда өтінімдерді қағаз форматта беру ұзақ уақыт бойы сақталып келді – 2017 жылы электронды өтінім беру үлесі небәрі 22%-ті құрады. Жағдайды өзгерту үшін электронды өтінім берудің сапалы, жаңа, заманауи модулін құру бойынша жұмыс жүргізілді. 2018 жылы ҰЗМИ жаңартылған жеке кабинетті таныстырды, оның аясында банк картасымен онлайн-төлем жасау; электронды жіктеуіштердің көмегімен өтінімді толтыру; ЖСН/БСН бойынша өтініш беруші туралы дербес деректерді автоматты түрде ауыстыру қолжетімді болды. Нәтижесінде электронды өтінім берудің жалпы үлесі 70%-ке дейін, тауар белгілері бойынша 80%-ке дейін өсті.

Сонымен қатар ҰЗМИ сайтында тіркелген зияткерлік меншік объектілерінің дерекқоры жаңартылды, оның іздеу мүмкіндіктері кеңейтілді, іздеу нәтижелерін қосымша сүзгілеу енгізілді, Мемлекеттік тізілімнен алынатын электрондық үзінді көшірмелер нысаны пысықталды.

2017 жылдан бастап ҰЗМИ-де мына бағыттар бойынша цифрландырудың кешенді бағдарламасы іске асырылып келеді: 1) өтінім берушілермен электронды өзара іс-қимыл жасау көлемін ұлғайту; 2) Электронды мемлекеттік тізілімдерді жаңарту; 3) қорғау құжаттарын электронды түрде беру; 4) сараптамалық рәсімдерді автоматтандыру.

2018 жылғы 19 қарашада Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары бекіткен зияткерлік меншік объектілерін қорғау саласындағы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді оңтайландыру жөніндегі жол картасы ҰЗМИ-дің сараптамалық қызметін жетілдіруде маңызды рөл атқарды.

Құжатта мемлекеттік қызметтердің стандарттары мен регламенттеріне өзгерістер енгізу, «Ұлттық зияткерлік меншік институты» автоматтандырылған ақпараттық жүйесін және «Электрондық үкімет» порталын түрлендіру, оңтайландырылған бизнес-процестерді іске қосу және жұртшылықты аталған жаңалықтардың іске асырылуымен таныстыру көзделген.

Атқарылған жұмыс нәтижелері бойынша «ҰЗМИ» ААЖ өзгертілді, 2019 жылдың екінші жартыжылдығынан бастап мемлекеттік қызметтерді толық автоматтандыру қамтамасыз етілді.

Ұлттық зияткерлік меншік жүйесінің басты ресурсы - жоғары білікті мамандар.

Осыған байланысты ҰЗМИ-дің маңызды міндеттерінің бірі зияткерлік меншік саласындағы кәсібилік, білім және хабардарлық деңгейін арттыруға ықпал ету болып табылады.

Бұл ретте сараптама ұйымының қызметкерлерін, сондай-ақ зияткерлік меншік саласындағы өзге де мамандарды даярлау және олардың біліктілігін арттыру қажет.

ҰЗМИ бөлімшелерін, ең алдымен сараптамалық қызметтерді қамтамасыз ету үшін кадрлар даярлауға ерекше көңіл бөлінеді. Беру мерзімін қысқарту, сондай-ақ сараптама сапасын арттыру жолымен қорғау құжаттарының сенімділігін арттыру үшін ҰЗМИ сарапшылары халықаралық стандарттарға сәйкес біліктілікке ие болуға тиіс.

ҰЗМИ жұмыс істеген жылдар ішінде оның қызметкерлерін үздіксіз оқытуды ұйымдастыру бағытында жүргізілген үлкен жұмыстың оң нәтижелері айқын байқалады.

ҰЗМИ мамандандырылған халықаралық ұйымдардың, сондай-ақ жетекші өңірлік және ұлттық патенттік ведомстволардың жәрдемдесуімен мамандардың біліктілігін арттыру бойынша оқудан тұрақты негізде өтуін қамтамасыз етеді.

Бұл процесте Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының академиясы (ДЗМҰ академиясы) ерекше рөлге ие.

ҰЗМИ қызметкерлері ДЗМҰ академиясының қашықтан оқыту курстарын сәтті аяқтағаны туралы 350-ден астам сертификат алды. Институттың барлық жаңадан келген қызметкерлері үшін ДЗМҰ академиясының курстары ұйымдастырылады.

2022 жылғы 26 сәуірде Халықаралық зияткерлік меншік күнінде жасалған Келісімге сәйкес ҰЗМИ-дің ДЗМҰ Академиясымен бірлесіп Қазақстан Республикасында ДЗМҰ-ның бірінші жазғы мектебін ұйымдастыруы айтулы оқиға болды.

Іс-шара 2022 жылғы 18-29 шілде аралығында еліміздің барлық өңірлері үшін зияткерлік меншік саласында практикалық білім алуға ниет білдірушілер үшін қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, онлайн форматта өткізілді.

ДЗМҰ жазғы мектебінің бағдарламасына халықаралық және өңірлік патенттік жүйелер, тауар белгілері, авторлық және сабақтас құқықтар, бизнес-актив ретіндегі зияткерлік меншік, зияткерлік меншік саласындағы қазіргі заманғы жаһандық сын-қатерлер мәселелері, сондай-ақ бәсекелестік саясат және зияткерлік меншік құқықтарын қорғау мәселелері енгізілді.

ДЗМҰ жазғы мектебінде оқу нәтижелері бойынша қатысушылар халықаралық үлгідегі сертификаттар алды, бұл маман даярлаудың жоғары деңгейін растайды.

Біліктілікті арттыру, сараптамалық қызметтердің сапасын арттыру, шетелдік патенттік ведомстволардың озық тәжірибесін отандық практикаға енгізу мақсатында тұрақты негізде ҰЗМИ қызметкерлерін Қазақстан Республикасы Президентінің «Bolashaq» халықаралық стипендиясы бойынша әлемнің жетекші ғылыми орталықтарына тағылымдамаға жіберуді ұйымдастыру бойынша жұмыс жүргізілуде.

ҰЗМИ-дің 10 қызметкері «Болашақ» стипендиясы негізінде білім алды (2019 жылы – 3, 2020 жылы – 3, 2021 жылы – 4 қызметкер). Олардың үшеуі Лондондағы Корольдік колледжді (ағылш. «King's College») тәмамдады, Ұлыбритания – ҰЗМИ директоры Е. Оспанов, директордың орынбасары А. Артықова және халықаралық тауар таңбаларын сараптау басқармасының басшысы А. Капбасова. 2022 жылы осы оқу орнында 7 қызметкер тағылымдамадан өтті.



ҰЗМИ қызметкерлері – Лондон Корольдік колледжінің түлектері Е. Оспанов, А. Артықова, А. Капбасова

ҰЗМИ патенттік сарапшылары Еуразиялық патенттік конвенцияға қатысушы басқа ведомстволарының сарапшыларымен қатар жыл сайын ЕАПВ-да тағылымдамадан өтеді.

Ресей Федерациясының Федералдық зияткерлік меншік жөніндегі қызметімен (Роспатент) ынтымақтастық жүзеге асырылуда. Бұл ынтымақтастық шеңберінде 2010 жылдан 2021 жылға дейін ҰЗМИ-дің 41 қызметкері оқып, тағылымдамадан өтті.

14 қызметкердің Ресей мемлекеттік зияткерлік меншік академиясында (РМЗМА, Мәскеу) кәсіби қайта даярлаудан өткені туралы дипломы бар.

Зияткерлік меншік саласындағы оқыту және біліктілікті арттыру ісіне Алматы қаласындағы ҰЗМИ филиалының Оқу орталығы орасан зор үлес қосып келеді.

Оның жұмысы оқыту курстары, стационарлық және көшпелі семинарлар, вебинарлар және мүдделі тұлғалардың өтініштері бойынша келісімшарт негізінде бекітілген Жұмыс жоспарына сәйкес өткізілетін басқа да іс-шаралар түрінде жүзеге асырылды.

Оның мақсаты барлық мүдделі тұлғаларды зияткерлік меншік мәселелері бойынша оқытуға және білім деңгейін арттыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру болды.

ҰЗМИ филиалының оқу орталығы 2019 жылға дейін жұмыс істеді. Оның жұмысы оқыту курстары, стационарлық және көшпелі семинарлар, вебинарлар, дөңгелек үстелдер және басқа да іс-шаралар түрінде жүзеге асырылды. Оқу орталығы ұсынған оқыту курстары мен семинарлардың бағдарламалары көпшілік тыңдаушыларға арналды. Оларды өткізу үшін мамандар санатын ескере отырып, оқыту түрлері мен оқу бағдарламалары әзірленді. Оқу орталығы спикерлер ретінде кедендік бақылау, салық органдары, Алматы қаласы бойынша Әділет департаменті, сондай-ақ профильді үкіметтік емес ұйымдардың мамандарын қатыстыра отырып, инновация, зияткерлік меншікті қорғау және бағалау мәселелері бойынша ғылыми-практикалық семинарлар өткізді.

ҰЗМИ қызметкерлері зияткерлік меншік саласындағы құқықтық сауаттылықты арттыру бойынша маңызды жұмыстарды да жүргізеді. Соңғы 5 жылда олар конференция, оқыту семинары, вебинарлар түрінде 150-ден астам оқыту сипатындағы іс-шаралар өткізді.

Зияткерлік меншік құқығы – азаматтық құқықтың қосалқы саласы ғана емес, сонымен қатар оқу курсы аясында егжей-тегжейлі оқу үшін объективті түрде қажет оқу пәні.

Осыған байланысты 2021 жылдан бастап ҰЗМИ-дің республиканың ғылыми және білім беру мекемелерімен, оның ішінде ЖЖБҰ-мен іскерлік ынтымақтастығының сапалы жаңа кезеңі басталды.

Мысалы, 2021 жылғы 30 сәуірде ҰЗМИ мен М.С. Нәрікбаев атындағы Қазақ гуманитарлық университеті (*бұдан әрі – ҚазГЗУ*) арасында Зияткерлік меншік мәселелері бойынша өзара түсіністік пен ынтымақтастық жөніндегі Меморандумға және Ұнтымақтастық туралы шартқа қол қойылды. Осыған сәйкес, ҰЗМИ қабырғасында Зияткерлік меншік кафедрасы ашылды. Оның қызметі шеңберінде оқытушылар, студенттер және магистранттар зияткерлік меншік саласындағы өзекті мәселелерді зерттеуді жүзеге асырады. «Зияткерлік меншік құқығы» пәні бойынша ҚазГЗУ студенттері үшін дәрістер форматында бірлескен оқыту іс-шараларын өткізеді.

ҰЗМИ-дің көмегімен ДЗМҰ академиясымен бірлескен магистрлік бағдарламаға ҚазГЗУ-дің қатысу мүмкіндігі қарастырылуда. Сондай-ақ ынтымақтастықтың әлеуетті бағыты ҚазГЗУ-да магистратурадан өту үшін ҰЗМИ қызметкерлерін тарту болып табылады.

Өзара іс-қимыл бағыттарының бірі ABC INCUBATION-дағы инновациялар мен әзірлемелер бойынша конкурстарға қатысатын ҚазГЗУ стартаптарын патенттеу кезінде кеңес беру және құқықтық көмек түріндегі ҰЗМИ (*стартаперлер, жас кәсіпкерлер, студенттер мен инноваторлар үшін Назарбаев Университетінің бизнес-инкубациялау бағдарламасы*) жүзеге асыратын жәрдемдесу болып отыр.

Сонымен қатар, Қазақстанның инновациялық әлеуетін арттыру үшін азаматтарды зияткерлік меншік негіздеріне оқытудың және бүкіл мемлекет ауқымында жаңа техникалық шешімдерді коммерцияландырудың тұтас жобасын әзірлеу қажет.

Қазақстанның жаңа экономикасының негізі саналатын елдің зияткерлік ресурстарын кешенді оқыту нәтижесінде ғана өсіруге болады.

Аталған бастаманы іске асыру үшін ҰЗМИ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен оқу бағдарламаларын әзірлеу және енгізу, оларды әдістемелік қамтамасыз ету бойынша өзара іс-қимылды күшейтуді көздеп отыр.

Зияткерлік меншік мәселелерінде құқықтық мәдениет пен қоғамның хабардар болуының жоғары деңгейі зияткерлік меншік объектілерін қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз етуге, жаңа объектілер құруға, өмір сүру сапасын жақсартуға және инновациялық экономиканы қалыптастыруға ықпал етеді. Құқықтық мәдениет пен қоғамның хабардар болмауы зияткерлік меншік объектілерін азаматтық айналымға енгізудің экономикалық тиімділігінің төмендеуіне, құқық бұзушылықтар жасау тәуекелдерінің артуына алып келетін факторлардың бірі болып табылады.

Осыған байланысты ҰЗМИ зияткерлік меншік саласында мына бағыттар бойынша бұқаралық мәдениетті қалыптастыруға ықпал етеді:

- **өзінің кәсіби немесе шығармашылық қызметіне байланысты зияткерлік меншік құқығының әлеуетті субъектілері болып табылатын тұлғалармен ағартушылық жұмыс жүргізу** (өзекті өндірістік және технологиялық міндеттерді шешуде өнертапқыштыққа, рационализаторлыққа және шығармашылық тәсілдемеге оқыту; зияткерлік меншікті басқару, оның ішінде өнертабыстарды коммерцияландыру бойынша дағдыларды қалыптастыру; мәдениет пен өнер саласындағы зияткерлік меншік мәселелерін түсіндіру);

- **тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу**. Зияткерлік меншік мәселелерінде қоғамды ағартудың дәстүрлі бағыты контрафакцияға қарсы іс-қимыл болып табылады. Зияткерлік қызмет нәтижелерін қорғау құндылығы мәселесі тұрғысынан ағарту жұмыстарының маңызы зор.

Зияткерлік меншікті дамыту ісінде жастар ерекше назар аударатын объект болып табылады.

Ақпараттық-ағартушылық жұмыстың тиімді жүргізуде оны ұйымдастыру және жүргізу нысандарының маңызы орасын. Бұл жұмыс нысаналы аудиторияны міндетті түрде ескере отырып, мақсатты, тұрақты, жоспарлы негізде жүргізілуі керек.

Зияткерлік меншік саласындағы құқықтық білімді кәсіпкерлер арасында тарату, сондай-ақ өзінің зияткерлік меншігін уақытылы күзету мен қорғаудың маңыздылығын түсіндіру үшін ҰЗМИ әлеуетті құқық иеленушілермен және зияткерлік меншік объектілерін пайдаланушылармен жұмыс жүргізеді. Зияткерлік меншік саласындағы құқықтық білімді насихаттау және тарату өнертапқыштық белсенділік деңгейін арттырып, ғылыми-зияткерлік қызметтің нәтижелерін шаруашылық айналымға енгізеді, зияткерлік меншік институтын қолданудың мүмкіндіктері мен артықшылықтары туралы дұрыс әрі толық түсінік сәтті инновациялық жобаларды жүзеге асыруға айтарлықтай ықпал етеді деген түсінік қалыптасады. 2020 жылдан бастап оқыту іс-шараларын өткізу онлайн форматқа көшті. Осы уақытта мүдделі тұлғалар үшін 100-тен астам вебинар өткізілді. Өзінің ақпараттық-түсіндіру іс-шаралары шеңберінде ҰЗМИ патенттер, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, тауар белгілері және авторлық құқық туралы ақпарат таратады.

ҰЗМИ қызметі мен көрсетілетін қызметтері туралы хабардар болу деңгейін арттыру, зияткерлік меншік объектілерін тіркеуге өтінімдер санын арттыру, зияткерлік меншік құқықтарын құрметтеу мәдениетін қалыптастыру, оның саласындағы (контрафакция, Интернет-қарақшылық) бұзушылықтарға төзбеушілік деңгейін арттыру мақсатында ҰЗМИ әлеуметтік желілерде ілгерілетуді, қоғамдық пікір көшбасшылары арқылы коммуникацияны дамытуды қоса алғанда, PR-шаралар өткізеді.

Өзара тығыз іс-қимыл жасау мақсатында 2021 жылы ҰЗМИ мен «Атамекен» ҰКП арасында Зияткерлік меншік мәселелері бойынша өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

QazTech Ventures-пен; Astana Hub-пен; «Инновациялық технологиялар паркі» ДКҚ-мен; Құрылысшылар қауымдастығымен; Назарбаев университетімен ынтымақтастық туралы бірқатар меморандумдар жасалды.

ҰЗМИ қабырғасында зияткерлік меншік құқықтарын күзету мен қорғау мәселелері бойынша аумақтық әділет органдарымен семинар және дөңгелек үстел түрінде тұрақты іс-шаралар өткізіледі.

Әрбір іс-шара бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады, ҰЗМИ интернет-ресурсында, әлеуметтік желілерде және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интернет-ресурсында қайталана отырып жарияланады.

ҰЗМИ елдің инновациялық әлеуетін арттыруға жәрдемдесу және мамандандырылған дерекқорға қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында технологиялар мен инновацияларды қолдау орталықтарының (ТИҚО) желісін дамытуға белсенді ықпал етеді.

Жаңа білім мен жобаларды жасау үшін инновациялық мәдениеттің танымалдығын арттыру, ғылыми-техникалық қызметке ынталандыру, дамуға, табысқа, бәсекеге қабілеттілікке және жасампаздыққа бағдарланған, инновациялық ойлау қабілеті мен технологиялық кәсіпкерлік дағдылары бар креативті ұрпақты тәрбиелеу маңызды.

Осы мақсатта 2004 жылы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитеті және әлі күнге дейін шығарылып келе жатқан «Қазақстанның зияткерлік меншігі» журналы жарық көрді. Журналдың бағыты – ғылыми-практикалық. Оның мақсаты – халықтың зияткерлік меншік саласындағы құқықтық сауаттылығын арттыру және білімді насихаттау, зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы заңнама мен құқық қолдану практикасының өзекті мәселелерін талқылау үшін диалогтық алаң құру. Әр нөмірде өнертапқыштық саласындағы жаңа жобалар мен үздік жетістіктер ұсынылып отырады.

Журналдың алғашқы бас редакторы ҰЗМИ директоры С.Н. Нүсіпов болды. Редакциялық алқа құрамында: Әділет министрінің орынбасары Ж.К. Асанов, Зияткерлік меншік құқықтары комитетінің төрағасы Н.Н. Сахипова, Зияткерлік меншік құқықтары комитеті төрағасының орынбасары Б.К. Алигожин, Зияткерлік меншік құқықтары комитеті төрағасының орынбасары А.Х. Әмірғалиев болды. Редакциялық кеңестің алғашқы мүшелері зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы көрнекті мамандар Т.А. Азанова, Р.Т. Алчимбаева, Ю.А. Болотов, Т.Е. Қаудыров, Б.А. Кембаев, Б.И. Кутумова, Г.Х. Наурызова, И.И. Никитина, Н.В. Романова, В.П. Федурин болды.

Журнал «Қазпошта» АҚ мерзімді басылымдар каталогына 74801 индексімен енгізілді, жылына 4 рет шығарылады. Жазылушылар техникалық кітапханалар, патенттік сенім білдірілген өкілдер, ғылыми қоғамдастық өкілдері болып табылады. Журнал халықаралық деңгейдегі ISSN Халықаралық орталығында (*Париж, Франция, ISSN 1812-2914*) тіркелген.

Қазіргі уақытта журнал электронды форматта шығарылады және «Өзекті тақырып», «Шетелдік тәжірибе», «Теория», «Практика», «Жаңалықтарға шолу» атты тұрақты айдарлардан тұрады. Еліміздің әрбір өнертапқышы өзінің өнертабысы немесе жетістіктері туралы ақпаратты осы журналға жариялай алады.

Сондай-ақ жылына бір рет ҰЗМИ жылдық есебі шығарылады. Есеп институт өткізген зияткерлік меншік саласындағы негізгі іс-шараларға жасалған шолуды, сондай-ақ өнеркәсіптік меншік объектілерін және зияткерлік меншік құқықтары саласындағы шарттарды тіркеуге байланысты көрсетілген сараптамалық қызметтер туралы статистикалық ақпаратты қамтиды.

Осы жылы 25 маусымда Инженерлік академияның және «Отан» республикалық саяси партиясының бастамасы бойынша, Қазақстан Республикасының Әділет, Білім және ғылым, Индустрия және сауда министрліктерінің, сондай-ақ Қазақстанның жаңалық авторлары, өнертапқыштар мен рационализаторлар қоғамының белсенді атсалысуымен Қазақстанның өнертапқыштары мен рационализаторларының бірінші республикалық форумы өткізілді. Пікір алмасу барысында зияткерлік меншікті қорғау және пайдалану, өнертапқыштық қызметті ынталандыру саласында Қазақстанның қол жеткізген нәтижелері талданып, бағаланды; қолданыстағы проблемаларды шешу жолдары мен ғалымдардың, инженерлердің, өнертапқыштардың, рационализаторлардың жаңа технологиялар мен техниканы жасау және игеруге, отандық өндірісті жаңғыртуға қосқан шығармашылық үлесін арттыру болашағы талқыланды.

Форум барысында қатысушылар мен қонақтар республикамыздағы Өнертапқыштық және рационализаторлық саласындағы жетістіктер көрмесімен танысты, ғылым мен техниканың жаңа жетістіктерін ойдағыдай әзірлейтін және өндіріске енгізетін жетекші ғылыми-өндірістік бірлестіктерге экскурсия жасады.

ҰЗМИ мақсаты зияткерлік меншік мәселелері бойынша іс-шараларға қоғамның ауқымды топтарын тарту болып табылады. Бұл ретте оның ағартушылық жұмысының басым бөлігі зияткерлік меншік саласында халықтың хабардар болуын арттыру жөніндегі бұқаралық іс-шараларды, сондай-ақ өнертапқыштарға, жаңашылдарға, шағын орта бизнес өкілдеріне және, әрине, жас ұрпаққа бағытталған стратегиялық науқандарды өткізуге бағытталған.

2004 жылдан бастап халық арасында өнертапқыштық белсенділікті ынталандыру, сондай-ақ оқушылар арасында зияткерлік меншік саласы бойынша білімді тарату мақсатында ҰЗМИ «Шапағат» республикалық форумы шеңберінде бірқатар конкурстар өткізіп келеді.

ҰЗМИ жұмысының бағыттарының бірі зияткерлік көмек құқығының әлеуетті субъектілері үшін маңызды болып табылатын кеңес беру қызметі саналады.

Осы мақсатта ҰЗМИ-дің «kazpatent.kz» атты ресми веб-сайты, сондай-ақ өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғау және пайдалану мәселелері бойынша ауызша және жазбаша консультацияларды тұрақты негізде жүзеге асыратын байланыс орталығы жұмыс істейді. Олардың көмегімен нысаналы аудитория барлық сұрақтарына толық жауап алады.

ҰЗМИ сайты жалпы ақпараттық сипатқа ие, оның мазмұны негізінен нысаналы, арнаулы аудиторияға (өтінім берушілер, бизнес-әріптестер, клиенттер және басқа да мүдделі тұлғалар) арналған. Сайт 3 тілде ұсынылған: қазақ, орыс, ағылшын.

Онда ҰЗМИ қызметі туралы ақпарат, байланыстар мен мекенжайлар, қызметтер тізімі, зияткерлік меншік объектілерінің әрбір түрі бойынша бөлімдер, прайс-парақ, сайт бойынша іздеу қосымша беті және басқа да қажетті ақпарат қамтылған.

2021 жылы сайтқа 146 201 қолданушы кіріп, 347 621 рет пайдаланған, бұл өткен жылмен салыстырғанда 11,2%-ке жоғары. Шетелден кірген ең көп кірген адамдар – Ресей Федерациясы, АҚШ, Украина және Қытай азаматтары.

ҰЗМИ сайты пайдаланушылардың әртүрлі ақпараттық қажеттіліктерін қамтамасыз етуге арналған тиімді құрал болып табылады. Соның бірі – «жеке кабинет» арқылы зияткерлік меншік объектілерін тіркеуге өтінімдерді электронды түрде беру.

Кез келген мүдделі тұлға қорғау құжатының нөмірі, иесі/патент иесі немесе атауы бойынша өз бетінше іздеу жүргізіп, барлық қажетті ақпаратты көре алады, сондай-ақ барлық библиографиялық мәліметтерді, оның ішінде құқық иесі, құқықтық мәртебесі, қолданылу мерзімі туралы мәліметтерді, сондай-ақ құқықтарды басқару туралы тіркелген шарттар бойынша ақпаратты қамтитын СРО мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірмені тез, төлемсіз ала алады.

Өтінім берушілерге ыңғайлы болу үшін сайтта патенттік сенім білдірілген өкілдер тізіліміне және Палата мен Одақтың сайттарына Қазақстанның сенім білдірілген өкілдері патенттерін жібере алады.

ҰЗМИ ресми Интернет-ресурсының барлық пайдаланушылары үшін «Өнеркәсіптік меншік. Ресми бюллетень» ресми бюллетені ашық түрде қолжетімді. Тіркелген СРО бойынша жариялау апта сайын жұма күндері жүзеге асырылады.

Сондай-ақ порталда тіркелген зияткерлік меншік объектілерінің мемлекеттік тізілімдері бойынша деректер қамтылған. Бұл тіркелген өнеркәсіптік меншік объектілері: өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, селекциялық жетістіктер, жалпыға белгілі тауар белгілері, тауар белгілері, тауар шығарылған жерлердің атаулары бойынша ақпаратты іздеуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

ҰЗМИ Интернет-ресурсында тұрақты негізде зияткерлік меншік саласындағы қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу және ҰЗМИ көрсететін мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша жаңалықтар орналастырылады.

Веб-порталда әртүрлі модульдер бар.

Пайдаланушыларға ыңғайлы болу үшін ҰЗМИ сайтында іс-шаралар күнтізбесі, алдағы семинарлардың аңдатпасы, сондай-ақ ведомство өткізетін конкурстар туралы ақпарат жарияланады.

«Директорға өтініш» бөлімі мынадай айдарлардан тұрады: басшылық ұйым қызметі бойынша қызықты сұрақтарға жауап беретін «Блог»; «Азаматтарды қабылдау кестесі»; қажетті мәліметтерді алудың ыңғайлылығы мен жеделдігі үшін жиі қойылатын сұрақтар бойынша деректер бар «Сұрақ-жауап»; Ұлттық панеттік жүйені жақсарту және одан әрі дамыту, сондай-ақ зияткерлік меншік объектілерін құқықтық күзету мен қорғауды жетілдіру бойынша ұсыныстарға арналған «Сіздің ұсыныстарыңыз»; «Халық сауалнамасы», онда: «Зияткерлік меншік объектілеріне өтінімдерді сараптау бойынша ҚР ӘМ «ҰЗМИ» РМК қызмет көрсету сапасына қанағаттану туралы сауалнама» берілген.

Сайтта навигациясы ыңғайлы ағымдағы жобалар бойынша ақпарат орналастырылған: «Технологиялар мен инновацияларды қолдау орталықтарының бағдарламасы», «Шапағат» форумы, өткізілетін конкурстар, өткен конкурстардың жеңімпаздары туралы ақпарат бар «Шапағат» республикалық форумы», конкурстарға қатысушылар үшін Жеке кабинетті тіркеу жүйесі көзделген.

ҰЗМИ сайтының интерфейсі қолжетімді. Сайттағы бейнелерді мобильді, планшеттік құрылғылар мен ноутбуктерде, дербес компьютерлерде айқын көру қызметі орнатылған. Браузерлердің үйлесімділігі: Google Chrome, Mozilla Firefox, Microsoft Edge, Opera, Safari. Нашар көретіндерге арналған нұсқа ұсынылған.

Сайт пайдаланушыларға: сайт бойынша навигацияны жүзеге асыруға (беттер арасында өту); әртүрлі форматтағы құжаттар мен файлдарды көшіріп алуға (қол жеткізудің қажетті құқықтары болған жағдайда), сұрақтарды, өтініштерді: «блог», «өтініштер», «сұрақ-жауаптар», «сіздің ұсыныстарыңыз» айдарларына жазу мүмкіндігі. Жаңалықтарға жазылу мүмкіндігі қарастырылған. Ақпараттық контент ақпараттық таратылымға жазылған пайдаланушыларды қамтиды.

ҰЗМИ танымалдығын арттыру және нысаналы аудиторияны тарту мақсатында қазақ және орыс тілдерінде жарнамалық мультипликациялық роликтер жасалды. Роликтер жарнама үшін facebook-тегі ресми парақшада пайдаланылып, instagram-да және ресми сайтта, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларына орналастырылды.

Бүгінгі күні «Шапағат» форумы «Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген өнертапқышы» атағын беру конкурсын, «Шапағат» өнертапқыштық саласындағы жетістіктердің республикалық конкурсын, оқушылар арасында «Болашақ сенің қолыңда: ойлап тап және жаса» атты үздік эссеге конкурс ұйымдастырады, Өнертабыстардың электрондық жәрмеңкесін өткізеді.

«Шапағат» өнертапқыштық саласындағы жетістіктердің Республикалық конкурсы жыл сайын Зияткерлік меншік күні қарсаңында «Жыл өнертабысы», «Ең белсенді өнертапқыш», «Өнертапқыш әйел», «Ең жас өнертапқыш», «Жас дарын» аталымдары бойынша ұлттық патент иеленушілер арасында өткізіледі.

Конкурстың нәтижелері бойынша қазақстандық өнертапқыштар ДЗМҰ-ның «Өнертапқыштығы үшін», «Шығармашылығы үшін», «АЖ саласындағы үздік кәсіпорынға», «Оқушылар үшін» және «Үздік пайдаланушылар үшін» аталымдарындағы медальдармен, сондай-ақ Еуразиялық патенттік ұйым құрған «Өнертапқыштық және патенттік іске қосқан үлесі үшін» В.И. Блинников атындағы Алтын медальмен марапатталады.

2017 жылдан бастап конкурс онлайн форматқа көшті және конкурс өткізудің алдындағы жылдың қорытындысы бойынша жыл сайын II тоқсаннан IV тоқсанға дейін өткізіледі. Конкурсқа өнертабыстарға, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге қолданыстағы патенттердің құқық иеленушілері қатысады. Конкурс жеңімпаздары халықтың дауыс беруі арқылы анықталады. Конкурсқа қатысушылар өздерінің патенттелген өнертабыстары не пайдалы моделі, немесе өнеркәсіптік үлгісі туралы бейнероликтер жібереді. Ең көп дауыс жинаған 10 өнертапқыш жеңімпаз деп танылады.

«Шапағат» мүсіншесі конкурстың өз иесінің патенттен бастап қолданысқа енгізуге дейінгі жаңа идеяларын жарқыратып көрсететін өзіндік символы болып табылады. Оның пішіні өнертапқыштар мен жаңашылдарды біріктіретін Шаңыраққа ұқсайды.



«Шапағат» мүсіншесі



«Шапағат» конкурсының жеңімпаздары (2004 жыл)



«Шапағат» конкурсы жеңімпаздарын марапаттау рәсіміне қатысушылар (2012 жыл)



«Шапағат» конкурсының жеңімпазы Сапарғалиева Ляйланы «Өнертапқыш әйел» аталымы бойынша марапаттау сәті (2008 жыл)



«Шапағат» онлайн конкурсының жеңімпазы Алтайұлы Сағымбекті марапаттау сәті (2017 жыл)



Марапаттау рәсіміне қатысушыларды «Айгөлек» скрипкашылар ансамблі қарсы алуға

2013 жылдан бастап Әділет министрлігі **«Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген өнертапқышы»** атағын беру бойынша конкурс өткізіп келеді. Атақ ең маңызды және кеңінен пайдаланылатын өнертабыстардың авторлары болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтары арасында жыл сайын ІІ тоқсанда ҰЗМИ өткізетін конкурс нәтижелері бойынша беріледі.

ҰЗМИ 2018 жылдан бастап конкурстық комиссияның жұмыс органы болып табылады. Атақты беру ережесіне сәйкес уәкілетті органның басшылығы немесе басқа да лауазымды адамдар Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнертапқышына диплом мен «Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген өнертапқышы» атты естелік лентасын тапсырады. 2013-2022 жылдары 33 өнертапқыш марапатталды.

2022 жылы бұл құрметті атақ Пак Юрий Николаевичке (техника ғылымдарының докторы, А.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті), Закарья Күнсұлу Дальтоновнаға (биология ғылымдарының докторы, профессор, Биологиялық қауіпсіздік мәселелері ғылыми-зерттеу институтының бас директоры), Мейірбеков Әбділда Тұрсынханұлына (техника ғылымдарының кандидаты, профессор, Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті), Асанов Нұркелді Сатыбалдыұлына («Волковгеология» АҚ бас инженері) берілді.





Еңбек сіңірген өнертапқыштар -2022 Қ.Д. Закарья, Ю.Н. Пак, А.Т. Мейербеков, Н.С. Асанов

Жастар арасындағы конкурстардың негізгі міндеті оқушыларымыздың зияткерлік әлеуетін ынталандыру және қолдау, олардың зияткерлік қызмет өнімдерін жасауға қызығушылығын арттыру және қалың жұртшылықты жастардың шығармашылық және ғылыми жетістіктерімен таныстыру болып табылады. Шығармашылық бастаманы ынталандыру және осы әлеуетті сындарлы бағытқа бағыттау студенттер мен мектеп оқушылары арасында зияткерлік меншікке құрметпен қарауға ықпал етеді.

2017 жылы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Қорының қолдауымен **жоғары сынып оқушылары арасында Nazarbayev Fund Schools Challenge конкурсын** өткізу идеясын ұсынды. Байқау 2017-2019 жылдары «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «Эйр Астана» АҚ, Назарбаев университеті және британдық Кренфилд университетінің (Cranfield University) қолдауымен өткізілді.

Конкурстың міндеті оқушылардың инженерлік-техникалық салалардағы білімдерін тереңдету, көлік саласында, атап айтқанда, аэроғарыш саласында зияткерлік қызмет өнімдерін жасауға қызығушылықты арттыру болып табылады. Конкурс Қазақстанның барлық өңірлерінен 16-18 жас аралығындағы жоғары сынып оқушылары арасында өткізілді. Сондықтан негізгі мақсаттардың бірі оқушылардың саналы түрде мамандық таңдауға қатысты ынтасын қалыптастыру және инженерлік-техникалық мамандықтарды таңдауға ынталандыру болып табылады.

Конкурс екі кезеңде өтті: өңірлік және финалдық. Жеңімпаздардың бас жүлдесі Ұлыбританияға Кренфилд университетіне бірапталық оқу-танымдық сапар болды. Конкурс өткізілген үш жыл ішінде Кренфилдке Қазақстанның әр өңірінен 120 жоғары сынып оқушылары барып келді.



Nazarbayev Fund Scholls Challenge конкурсының жеңімпаздары (2017 жыл)



Nazarbayev Fund Scholls Challenge конкурсының жеңімпаздары (2018 жыл)

Оқушылар арасында өткізілетін «Болашақ сенің қолыңда: ойлап тап және жаса» атты үздік эссе жазудың онлайн-конкурсы 2016 жылдан бастап жыл сайын өткізіледі. Конкурс зияткерлік меншік саласындағы білімді насихаттауға, оқушылар арасында шығармашылық белсенділікті ынталандыруға бағытталған. Байқауға еліміздің жалпы білім беру мекемелерінің 8-11 сынып оқушылары қатыса алады. Жұмыстар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қабылданады. Конкурсқа «Менің сүйікті өнертабысым және ол адамзатқа не береді», «Ежелгі өркениеттердің өнертабыстары», «Өмірді қызықты ететін өнертабыстар», «Өмірді жеңілдететін өнертабыстар», «Өмірді арасалайтын өнертабыстар» тақырыптарындағы эсселер немесе шығармалар жіберіледі. Басым бөлігі ауыл мектептерінің оқушылары юлып табылатын талантты жастар мұндай конкурстарға қатыса отырып, өз әлеуетін пайдалануға тырысады.



Оқушылар арасында өткізілген үздік эссе конкурсының жеңімпаздары (2018 жыл)

2020 жылы ҰЗМИ-де **Жас өнертапқыш мектебі** (бұдан әрі – *Мектеп*) ашылды. Мектеп оқушылар арасында зияткерлік меншік саласындағы білімді кеңінен таратуға, патенттік мәдениеттің негіздерін сіңіруге және экономикалық жағынан гүлденген және дамыған мемлекет құруда өнертапқыштық пен патенттеудің маңыздылығын түсіндіруге бағытталған. 2021 жылдың соңында ҰЗМИ елорданың 150 оқушысымен кездесу өткізді. 2022 жылы тағы екі мектеппен кездесу ұйымдастырылды. Төртінші мектеп «Контрафакт» республикалық акциясы аясында өткізілді. Мектеп бағдарламасында заманауи өнертабыстар, ежелгі өнертабыстар, өнертапқыштар туралы, өнертабыстарды патенттеудің артықшылықтары туралы түрлі дәрістер қарастырылған. Сондай-ақ бағдарламаға көңілді викториналар, интербелсенді практикумдар мен қойылымдар енгізілген. Іс-шаралар БАҚ пен әлеуметтік желілерде кеңінен жарияланады.



Жас өнертапқыш мектебінің қатысушылары. ҰЗМИ (2020 жыл)

Осылайша, ҰЗМИ қоғам үшін зияткерлік меншіктің маңызын насихаттай отырып, көпшілік – оқушылардан бастап кәсіби өнертапқыштарға дейін, соның ішінде мемлекеттік органдардың, жоғары оқу орындарының өкілдері, патенттік сенім білдірілген өкілдер мен барлық мүдделі тұлғалар арасында үлкен жұмыс жүргізуде.

Сондай-ақ жылына бір рет ҰЗМИ жылдық есебі шығарылады. Есеп институт өткізген зияткерлік меншік саласындағы негізгі іс-шараларға жасалған шолуды, сондай-ақ өнеркәсіптік меншік объектілерін және зияткерлік меншік құқықтары саласындағы шарттарды тіркеуге байланысты көрсетілген сараптамалық қызметтер туралы статистикалық ақпаратты қамтиды.

ҰЗМИ зияткерлік меншік мәселелерін насихаттайтын бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз қарым-қатынас жасайды. 2016 жылы ҰЗМИ-де Журналистер арасында зияткерлік меншік туралы «Сөз зияткерлік меншікті қорғайды» атты үздік мақалаға арналған республикалық конкурс басталып, 2016-2018 жылдар аралығында өткізілді. Бұл конкурс зияткерлік меншікті күзету мен қорғау саласында білімді насихаттау және тарату бойынша бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін ынталандыруға арналған. Конкурстың басты міндеттері бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің назарын зияткерлік меншік тақырыбына аудару, аталған салада қалың жұртшылық арасында құқықтық мәдениетті арттыру, осы тақырып бойынша ең қызықты жарияланымдарды анықтау болды.

2019 жылы ҰЗМИ «QAZAQ» радиосымен бірлесіп ұйымдастырған «Өнертапқыш» атты жаңа топтамасынан алғашқы радиобағдарламасын бере бастады. Бағдарлама жүргізушісі Әйгерім Оралбекқызы бір жыл бойы студияға шақырған қазақстандық өнертапқыштар тікелей эфирде өздерінің қазақстандық өнертабыстары туралы айтып берді. Бағдарлама апта сайын жұма күні YOUTUBE арнасы арқылы тікелей эфирде көрсетілді. Жыл соңында «QAZAQ» радиосы тыңдаушыларының пікірлері мен дауыс беру қорытындысы бойынша ең қызықты өнертапқышты естелік сыйлықпен атап өтті.

2021 жылы Қазпатенттің жазылушылары арасында Instagram әлеуметтік желісінде ҰЗМИ-дің үздік слоганына конкурс өткізілді. Конкурстың басталғаны туралы хабарландыруға жариялылық беру мақсатында белгілі теле және радиожүргізуші Әйгерім Есенәлі шақырылды.

Конкурс аясында 200-ден астам қатысушы ұсынылған нұсқалар қаралды. Конкурсқа 51 жазылушы қатысты. 2021 жылғы 1 қазанда қорытынды шығарылып, конкурс жеңімпазы ретінде Алматы қаласының тұрғыны Жанаділ Алдаберген танылды. Жеңімпаз ұсынған «Идеяңды жоғалтып алма» слоганының негізінде ҰЗМИ-нің «Өз идеяңды сақта. Туындыңды сақта. Туындыңды сақта. Save your creation» атты слоганы қалыптастырылды.



Конкурстың жеңімпаз слоганы

Осыған байланысты ҰЗМИ оқыту және ақпараттық-ағартушылық жұмыс бойынша жұмысты жалғастыруды, оған жұртшылықты тарту үшін іс-шаралар өткізудің жаңа технологияларын енгізуді жоспарлап отыр.

Зияткерлік меншік құқықтарын күзету және қорғау саласының негізгі бағыттарының қол жеткізілген даму деңгейі қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында құқықтық, ұйымдық құрылымдар мен институттарды, зияткерлік меншік объектілерін қорғау, пайдалану және оларға қатысты құқықтарды қорғау тетіктерін қамтитын қазіргі заманғы, халықаралық стандарттарға сәйкес жүйе құрылғанын айғақтайды.